

"Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру параптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 7-1/1130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 802 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 124 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 44 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 21 сәуірде № 22577 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру параптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 7-1/1130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 802 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12636 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 12-қосымшада:

реттік нөмірі 13-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

13	Ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіру жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып Елеулі алуды жузеге асыру жөніндегі талапты сақтау	
----	--	--

";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жузеге асыратын бөлімшелеріне қатысты ветеринария саласындағы тексеру парагында:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

6	Ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіру жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жузеге асыру жөніндегі талапты сақтау	
---	---	--

".

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі*

A. Иргалиев

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

C. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының Құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК